

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

3. Л.Решетняк - “8 очерков о феномене палиндрома в теории и практике музыкального искусства”, 2002
4. Бонч-Осмоловская - Курс лекций по комбинаторной литературе [Электронный ресурс] http://www.ashtray.ru/main/texts/bonch_course/14AA.htm
5. Журнал иностранный язык в школе №51 май/июнь 2011.
6. Михаил Эпштейн – “Палиндромия как творческий потенциал языка” [Электронный ресурс] <http://www.topos.ru/article/6800>
7. Рыбинский Владимир – “СолоГолоС”, 1998
8. <http://www.proza.ru/2009/12/19/391>

УДК 373.5:881.111

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЙЛЕУГЕ ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Оңжігіт Алтынай Маратқызы

altuwa.xd@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология Факультеті, Шетел тілдерінің теориясы мен
тәжірибесі кафедрасы, 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.О.Омарханова

Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жанаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Көптеген әдіскерлер видеофильм, мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және тағы да басқа қосымша материалдар көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай мәселе емес. Біз осы сөйлеу қабілетіне қалай үйренуге болатынын зерттедік [1].

Алдымен сөйлеу деген өзі қандай мағына беретіне тоқтап кетсек. Сөйлеу – адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Яғни біздің күнделікті жасайтын қарым-қатынастармыздың басты бөлігі осы тілдің қарым-қатынас (сөйлеу) болып табылады. Сөйлеу мен тіл бір емес. Егер тіл қарым-қатынас құралы болып табылса, сөйлеу сол құралдың нақты қолданыста көрінетін түрі болып табылады [2]. Яғни, тілді оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде іске асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық регулятивтік, әдептілік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Осыған орай қазіргі ХХІ ғасыр талабына сай ағылшын тілін ақпараттық технологиялар арқылы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану негізгі мәселердің және талаптардың бірі болып табылады. Уақыт бір орында тұрмайды, ол әрдайым алдыға жылжыйды және біз осы уақыттың талабына сай дамып отыруымыз қажет. Ол дегеніміз ақпараттық замандағы бізге берілген бар мүмкіндіктерді барынша пайдалану. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Ал ақпараттық технология дегеніміз не? Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген

әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы [3]. Мысалға: интерактивтің тақта, интернет желісі, презентация көрсетуге арналған проекторлар, компьютер, мультимедия және бейнематериалдар осының бәрі ақпараттық технологияға жатады. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Көріп отырғандарыңыздай, ақпараттық технологиялар – пайдалы, әрине әр заттың жақсы да жаман да жағы болады. Бірақ біз бұл керемет дүниенің жағымды жақтары мен пайдасы көп деп есептіміз. Себебі, ең маңыздысы бұл ағылшын тілін оқушыларға – қызықты болуы, яғни қызығушылығын мен ынтасын арттыруы. Ақпараттық технологиялар арқылы сабақ өту кез келген ағылшын тілін оқитын адамның тез көңілін аудара алады. Бұл күнделікті жай ғана сабақ түсіндіру емес, жай ғана сұрақ-жауап қана емес, сабақтың бір түрде өтуі емес. Бұл сабақтың жаңаша да, қызықты да түрі. Мысалға: оқушыларға «London capital of England» тақырыбын алсақ осыған байланысты интерактивтік тақта арқылы бейнематериал көрсетсек, бұл танымды және қызықты болады. Біздің тақырыбымызды ақпараттық технологиялармен байланыстыру себебіміз, ол – осы бейнематериалдардың ақпараттық технологияларды қолдану арқылы көрсете алуымыз. Мысалға алсақ: біз қандайда бір фильм не мультфильм көрсету үшін, не компьютер не интерактивтік тақтаны қолдануымыз керек. Міне сондықтан біз алдымен ақпараттық технология дегеніміз не екеніне және қандай пайдасы бар екеніне тоқтап кетуді жөн көрдік.

Ал енді негізіге мәселеміз бейнематериал тақырыбына келсек, бейнематериал (видео латынша **video** – көремін, қараймын) – жазбаны ойнату сигналдарды қалыптастыру, сақтау және өңдеу мен беру, теледидар, сондай-ақ электрондық технология қағидаттарына негізделген жеке арналған дыбыстау-бейнелеу туындысы. Яғни өнердің бір туындысы болып табылады [4]. Өнердің бұл шығармасы арқылы сөйлетуге үйрету өте тиімді тәсіл болып табылады. Себебі, себебі ол сол тілдің сөйлеу мәдениетіне шынайы жақын қосымша материал болып табылады. Мұнда оқушы тек жай ғана естіп, кітаптан көріп, тақтадағыны жазып қана қоймай, ол бірдесінен ақпаратты естиді және көреді. Ал бұл әрекетті оқушыларға қызық болып табылады. Оқушылар сабақ барысында listening, reading, writing қабілеттерін де қатар дамыта алады. Бейнематериалдың тағы бірнеше артықшылықтары бар – ол ақпараттық технологиялардың мүмкіншіліктеріне байланысты. Мысалға: қайталап көру, керек жерінен тоқтату, субтитрлар қосу, баяулату сияқты көптеген функцияларды қолдануға болады. Ал бейнематериал таңдау үшін алдымен оны қандай ғалымдар зерттегенін және қалай бөлгенін зерттесек. Рогова Г.В., Соколова Е.Н., Филатова В.М. зерттеулері бойынша бөлінген бейнематериал түрлері бар. Оларға келетін болсақ:

Аутенттік бейнематериалдар

Кино – (гр. kineo – жылжытамын, жылжимын), кино өнері – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізінде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильмдер, деректі, мультипликациялық және ғылыми – көпшілік кино. Осылардың ішінен біз сабақ барысында кеңінен тараған және негізгі түрлері – көркем фильм мен мультипликациялық фильмді (мультфильм) сабақ барысында қолданамыз. Не себепті көркем фильм мен мультфильм? Әрине біз киноның барлық 4 түрін сабақ барысында аралас түрінде қолдана аламыз, бірақ оқушыларға қызықты да, жеңіл де болып келетін түрлері осы екеуі болып саналады. Ал ағылшын елінің тарихын немесе географиясын өткенде біз деректі және ғылыми – көпшілік кино түріне жүгінуімізге болады.

Мультфильм немесе мультипликациялық фильм – (лат. multiplicatio – көбейту және ағылш. film – таспа) – көптеген суреттерден және солардың қимыл әрекетінен құралатын үздік туындылардан тұратын фильм. Мойындауымыз қажет бұл кино түрін тек балалар ғана

емес, ересектерде сүйсіне көреді. Бірақ киноның қай түрі болмасын таңдау кезінде сюжетіне мән бергеніміз дұрыс болады. Себебі қазіргі кезде жауыздыққа толы да мультфильмдер де кездеседі. Сондықтан таңдау кезінде оның тәрбиелік мәніне, лексикасына, жақсылықпен байланысты жағдаяттардың мол болуына көңілімізді бөлу керек.

Жаңалықтар – бұл біздің айналамызда болып жатқан белгілі бір оқиғалар жайлы ақпараттар. Неге бұл бейнематериал сөйлетуге үйретуде қолданылады? Себебі осы жаңалықтарды жүргізетін дикторлар сөйлеу мәнерін тыңдау өте пайдалы. Олар бір салаға байланысты термин сөздерді қолданады, сөздері мен сөйлемдері нақты және тиянақты болып келеді, сөйлеу кезіндегі тыныс белгілер немесе сөздердің айтылу ережелерін барынша сақтайды. Тағы бір артықшылығы оқушылар жан-жақты жаңылықтарды біліп жүреді.

Бейнероликтер – (ағылш. clip or videoclip – қырку, кесу) қазіргі заманғы теледидардың шығармашылық жанр түрі. 1 – 6 аралығындағы сыныпқа арналған бейнероликтер өте көп. Онда өлең айтылып жатқан да астында арнайы қайталап отыру үшін субтитрлар бар. Бұл кішігірім караоке секілді болып келеді. Сөзсіз бұл оқушыларды қызықтыратыны рас. Ал 6 – 11 сынып аралығындағы оқушыларға заманауи, бірақ сөздерінің мәні бар бейнеролик таңдаған дұрыс болып келеді.

Жарнамалар – (франц. reclame – жар саламын) – тауарлар, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Жарнама арқылы үйрету кезінде біз уақытымызды үнемдейміз. Және жарнамада көбінесе сөйлеу не диалог түрінде немесе монолог түрінде беріледі. Сондықтан сабақ барысында британдық немесе американдық мәнісі бар жарнама таңдап, оқушыларға сабақ барысында көрсетуге болады.

Бұл бейнематериал түрлері бәрімізге мәлім. Сондықтан оларды таңдауда тек оқушылардың таңдауын, деңгейін және де сабаққа қатыстылығын ескерген жөн деп ойлаймыз. Және оларды тек 1 – 5 сыныптан басқа оқушыларға арластырып қолдануға болады. Ал 1 – 5 сыныптағы оқушыларға көбіне мультфильмдер, бейнероликтер, фильмдер және көркем фильмдермен жұмыс жасаған тиімдірек және дұрыс болады. Ал 5 – 11 сынып аралығындағы оқушыларға аутенттік бейнематериалдың барлық түрін қолдануымызға болады.

Және тағы **арнайы оқытатын бейнематериалдар** түрлері де ажыратылады:

- 1) Listening практикасы
- 2) Бизнес курстар
- 3) Тілдік курстар

Бұл видеолардың айырмашылығы – тілді тасымалдаушылар (native speaker) сабақ түсіндіріп жатады және олар оны өте қызықты да, түсінікте де, қарапайым жолмен көрермендеріне жеткізуге тырысады. Осы видеолардан да үйренуге тұрарлық ақпараттар молынан десек те болады. Қазіргі таңда олардың түр-түрі бар. Барлық ағылшын тіліне қойылар сұрақтарға жауап алуға болады. Олар қолжетімді және тегін болып келеді. Мысал ретінде сіздерге мына каналдарды ұсынамыз: Jennifer ESL, Real English, British Council, Speak English with Misterduncan, Learn English with Ronnie, Business English Pod және тағы да басқалар. Осы видеолар арқылы ағылшын тіліне тек жай ғана сөйлеуге емес, солардың сөйлеу мәдениетіне жақын сөйлеуге үйретуге болады [5].

Жоғарыда айтылған барлық бейнематериал түрлері ағылшын тілінде сөйлеуге үйретудегі таптырмас құрал десек артық болмас.

Әрине әр тәсілге не қосымша материалға өзіндік нормалар жүйесі болады. Осы талаптарға қысқаша тоқталып кетсек: ең алдымен ол әрине сапасы жақсы болуы, әр түрлі жағдаяттардың болуы, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері түсінікті және тез болмауы, бейнематериалдағы жаңа сөздің тым көп болмауы, жаргондар және сөз тіркестерінің де орынды болуы, сюжет тым ұзақ болмауы тиіс немесе эпизодтарға бөлінуі керек және соңғысы кіріспе – негізгі бөлім – қорытынды болуы. Осы теориялық бөлімізді растау үшін бір келтіріп кетсек.

Оқыту талабына сай алдымен **кіріспе** бөлімі қамтылу қажет, яғни:

- 1) оқушылардың назарын аудару;
- 2) не жайлы болуы мүмкін екенін сұрау;
- 3) болжамдардан соң кішігірім мағұлмат беру;

Кіріспе бөлімнен соң **негізгі** бөлемге көшу қажет. Негізгі бөлімдегі іс-әрекеттер түрлеріне келсек:

- 1) сюжетті немесе эпизодты кез-келген жерінен тоқтатып сұрақ қою
- 2) бейнематериалды дауыссыз көру
- 3) болжамдау
- 4) жалғастыру
- 5) рөлдік ойындар
- 6) суретсіз не бейнесіз тыңдау
- 7) түсінік айту
- 8) ақпаратты қалпына келтіру
- 9) қайталау

Және соңында **қорытынды** бөліміне тоқталу, яғни бейнематериалды көріп болған соң талқылау, қорытындылау, жаттығулар жасау, сынау және тағы да басқа іс-әрекеттері орындалады.

Мультфильм арқылы сөйлетуге үйрету қазіргі таңда тек жас балаларға арналады деп айту дұрыс деп ойламаймын, себебі қазір шығарылатын мультфильмдер кішкентай баладан ересек аудиторияға дейін жаулайды. Олар өте қызықты, тәрбиеге мол және заман талабына сай келеді. Мультфильмдер Британдық және Американдық ағылшын тілінде болуы мүмкін. Мультфильмдердің де түр-түрі болады. Осыған орай бір мультфильм түрін таңдадық. Кішкентай балалар үшін оқытушы мультфильмге тоқталсақ, яғни 1 – 5 сынып аралығындағы оқушыларға қолданамыз. Ал сабақты ойымыздағыда өткізу үшін бізге интерактивті тақта, компьютер мен проектор қажет болады.

Gogo's adventures with English [6]. Әрине әріптер, сандар, түстер мен ең қажетті сөздер мен сөз тіркестерін үйрену үшін, бұл мультфильм орынды деп ойлаймыз. Gogo – бұл өте мейірімді және білімге құштар айдаһар, оның Tom мен Jenny атты достары болады. Олар Gogo – ға ағылшын тілін үйретеді. Жалпы мультфильм 34 бөлімнен тұрады, әр бөлімде жаңа сөздер бірнеше рет қайталанады және әнмен шырқалады. Әр сөзге арнайы бейнелері болады және мультфильмде диалог пен монолог сөйлету түрлері қолданылған және субтитрлар енгізілген. Мультфильмнің ерекшелігі өтілген сөздерді келесі бөлімінде міндетті түрде қайталап кетеді және материалдарын PDF не кез-келген форматта шығарып алуға болады. Бөлімдер көптеген қызықты оқиғаларға толы. Ал енді қолданысқа осы бөлімдердің алғашқы 2 бөлімін таңдадық:

1) Алғашқы сабағымызды әріптер мен таныстыруға арнаймыз. Мультфильм 5 минут бойы жалғасады. Осы 5 минут көлемінде біз оқушыларға:

- әріптер
- Hello!
- My name is...
- What is your name?
- How are you?
- I am fine, thank you!
- Goodbye!

деген ауыз екі сөйлеудегі негізгі қолданылатын сөздермен таныстырамыз және үйретеміз. Алдымен оқушыларға жалпы түсінік беріп кету керек. Негізгі бөлімде ақпараттық технологиялардың мүмкіншіліктерінің арқасында мультфильмді бір мағұлмат айтылған соң тоқтатып, сол мағұлматты қайталаймыз және мультфильмдегі әнді орындатқызамыз. Ол сөздерді Gogo өзінің тақтасына жазған кезде, біз оқушыларды дәптерлеріне сөздерді көшіртіземіз. Мультфильм аяқталған соң кейіпкерлерді талқылауға және оқушылардың жаңа не білгенін сұрауға көшеміз. Сөздер есте қалу мақсатында оқушыларды үш адамнан

топқа бөліп, кішігірім қойылым ұйымдастырамыз. Үй тапсырмасына сөздерді жаттап келу деген тапсырма береміз.

Жаңа тақырып бастамас бұрын алдыңғы сабақтағы сөздерді еске түсіреміз, себебі мультфильмде олар басында қайталанып отырады. Мультфильм 5 минут уақыт алады. Жаңа сұрақтар мен олардың жауаптары берілген.

1) Сұрақтар:

Who is she? – Ол кім? (қыз бала). Who is he? – Ол кім? (ұл бала).

2)Жауаптар:

She is my mother (my sister, my friend). Ол – менің анам (менің апкем,меніңқұрбым). He is my father (my brother, my friend). Ол – менің әкем (менің ағам, менің досым).

2) Мультфильмнің 4:30 минутындағы өлеңді айтқызу міндетті.

Соңында мультфильмді қорытындылаймыз, яғни жаңа сөздерді талқылаймыз. Сөздерді есте сақтау үшін және қолдануға үйрету үшін оқушыларға отбасының немесе жақын досын суретін салдырып кім екенін айтып беру жаттығуын қолданамыз, осылайша сабақты аяқтап, үй тапсырмасын береміз.

Міне мультфильмді сабақ кезінде қалай қолдануымызға болатынын айтып кеттік. Сабақ барысында жай ғана бейнематериал көрсетіп қана қоя салмай, онымен қоса көптеген жаттығуларды қолдануға болады. Бұл жаттығулардың бәрі оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосады және біздің мақсатымызға жете алатындығымызды көрсетеді. Өздеріңіз білетіндей егер оқушы бірден көріп, естіп және артынша жаттығулар істеп, оларды дәптер бетіне түсіріп отырса ақпаратты тез есте сақтайды. Сондықтан да, сөйлетуге үйретуде бұл тәсіл оң нәтежие әкеледі.

Қорытындылай келе біз бейнематериалдар арқылы қалай сөйлеуді үйретуге болатынын зерттедік. Біз алдымен сөйлеу деген – қарым-қатынас жасаудың басты құралы екенін атап кеттік. Неге қарым – қатынас жасау бізге маңызды болып тұр, себебі біз сөйлесу арқылы ақпарат алмасамыз, жаңа таныс емес заттар жайлы біліп жатамыз, көптеген маңызды мәселелер шешеміз және тағы да басқа іс-әрекеттеріміз қарым-қатынас жасаумен байланысты болады. Біз сөйлеудің ішкі және сыртқы формаларын ажыратып, тағы диалог пен монолог түрлерінің бар екенін көрсеттік. Және осы формалар мен түрлерін күнделікті өмірде әр уақытта қолданатымызға көз жеткіздік. Яғни қарым-қатынас жасағанда немесе өз ойларымызды көпшілікпен, не өзіңмен бөліскенде осы сөйлеу формалары мен түрлеріне жүгінеміз. Байқап отырғандарыңыздай күнделікті өмірде бізге сөйлей алу қабілеті мен мәдениетін меңгеру ауадай қажет. Ал қазіргі заман мен уақыт талабына сай біз тек ана тілін емес, онымен қоса ағылшын тілін еркін меңгеруіміз қажет. Әрине ол үшін сөйлеуді үйрену міндетті болып табылады. Осы сөйлеуді үйрету үшін біз бейнематериалдар арқылы үйрету тәсілін таңдадық. Зерттеу барысында біз бейнематериалды көрсете алу үшін ақпараттық технологияның көмегінсіз сабақтың жүрмейтінін байқадық. Сондықтан ақпараттық технология тақырыбына жеке тоқталып кетуді жөн көрдік. Яғни ағылшын тілі секілді, ақпараттық технологияларды да меңгеру қажет екеніне көз жеткіздік. Елбасымыздың жолдауна сай болашақ азаматтарға технология мен тілді еркін меңгере алатынадай қылып білім беру біздің парызымыз. Оларды бағыттау және оларға көмек беру. Технологиялар мен халықаралық тілдерді үйрену болашақ азаматтарымызға көптеген жолдарды ашуына бірден-бір бағдары болып табылады. Міне осы технологияларды қолдану арқылы біз сабақ үстінде оқушыларға түрлі бейнематериалдарды көрсете аламыз. Бейнематериал арқылы үйрету қазіргі уақытта актуалды әдіс болып келе жатыр.Бейнематериалдарың түрлерінің де көптігіне көз жеткіздік, олардың әр қайсысына жеке-жеке тоқтап, қай жерімен пайдалы болып табылатынын атап өттік. Және тағы бір маңызды артықшылығы ол біз сөйлеуге бейнематериал арқылы үйреткенде ағылшын елінің сөйлеу мәдениетіне жақын тіпті дәл сол сөйлеу мәдениетіне үйрете аламыз. Бұл бір өте маңызды мәселе болып табылады. Ал бейнематериалды күнделікті сабақтың жоспарына қосып отырсақ тіпті керемет болар еді. Бұл оқытушыға да оқушыларға да ағылшын тілін үйренудің ыңғайлы жолы болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі»
2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын басқараған – А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп-баспасы» ЖАҚ, 2002.
4. Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009.
5. Қазақша уикипедия желісі.
6. Ғаламтор сайтынан алынған: <https://m.youtube.com/watch?v=iAujFOXSPno&autoplay>

УДК 811.101:367.5.0156.1

ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ С УЧЕТОМ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СПЕЦИФИКИ РОДНОГО ЯЗЫКА (на примере казахского языка)

Смагулова Айнагуль Олжабаевна

smagulova_ainagul94@mail.ru

Студентка 4- го курса кафедры теории и практики иностранных языков

ЕНУИм.Л.Н.Гумелева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Ph.D, Аймолдина А.А.

В статье рассматривается проблема формирования языковой личности в процессе развития навыков межкультурной коммуникации в преподавании делового английского языка, принимая во внимание национально-культурную специфику родного казахского языка. Актуальность этой проблемы обосновывается необходимостью овладения навыками делового общения в условиях динамического развития международных связей Республики Казахстан. На основе анализа источников раскрываются сущности понятия «формирование языковой личности» и «навыки межкультурной коммуникации». Представлены цели, составляющие, импакт-факторы и ожидаемые результаты феномена формирования языковой личности в условиях межкультурной коммуникации, а также необходимые педагогические условия для его реализации.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, деловая коммуникация, формирование языковой личности, деловой английский язык, национально-культурная специфика казахского языка.

В настоящих условиях глобализации экономики становится все более заметным повышение интереса к успешному преодолению межкультурного барьера между странами – партнерами. Интеграционные процессы, транскультурные взаимодействия делают мир все более взаимосвязанным и единым. Человечество постепенно, но последовательно переходит к широкомасштабному общению в рамках не только стран и континентов, но и всего мирового сообщества. Таким образом, современное развитие межкультурных отношений основано именно на развитии межкультурного пространства (открытие границ, взаимопроникновение культур и т. д.) [1,стр.1]. Это явление заставляет экспонентов придерживаться языкового баланса в современном деловом дискурсе, а также задуматься о создании примерной модели «языковой личности» (далее ЯЛ), владеющей всеми нужными качествами для кросскультурных отношений, максимально приближенной к носителю иной культуры и языка.

Во избежание недопонимания и конфликтов во взаимоотношениях все более необходимым является овладение участниками определенных навыков в деловом общении. Следует отметить, что именно навыки межкультурной коммуникации (далее – МКК) особенно актуальны на сегодняшний день в глобальном аспекте сотрудничества Казахстана